

Ф. Аbugалиева* , М. Жаскайрат 

«Астана» Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: abugalieva.f@bk.ru)

¹ORCID ID: 0000-0001-9571-5604

²ORCID ID: 0000-0001-7293-8274

Отбасылық кәсіпкерлік әлеуметтік даму факторы ретінде

Мақаланың басты мақсаты отбасылық кәсіпкерлікті қоғам өміріндегі әлеуметтік фактор ретінде қалыптастыра отырып, оның мемлекет дамуындағы алатын рөлін айқындау. Зерттеу жұмысы барысында «отбасылық кәсіпкерлік» ұғымын қалыптастыру мақсатында отбасылық бизнестің әлеуметтік және экономикалық саладағы артықшылықтары мен тәжірибеде кездесетін кемшіліктері анықталды, сонымен қатар тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, талдау және сипаттау сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Авторлар отбасылық кәсіпкерліктің әлеуметтік құбылыс және әлеуметтік даму факторы ретіндегі өзекті мәселелерін қарастырады. Зерттеу барысында ел экономикасын дамыту үрдісінде отбасылық кәсіпкерліктің стратегиялық және тактикалық артықшылықтары, оның құқықтық маңыздылығы жан-жақты талқыланды. Тақырыпты зерттеу барысында отбасылық кәсіпкерліктің әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері және отбасының экономикадағы позициясын, отбасылық қарым-қатынастарды, отбасы мүшелерінің өзара мүлдік әрекеттесуінен туындайтын отбасылық сабақтастықты нығайту бойынша маңыздылығы анықталды. Зерттеу тақырыбы бойынша жаңа құқықтық мектеп қалыптасуының себептері, шарттары мен кезеңдері де зерделенген, бұл қазіргі заманғы кәсіпкерлік аясында құқықтық институттың пайда болуына алып келеді. Зерттеу нәтижесі ретінде «отбасылық кәсіпкерлік» институтын заңнамалық тұрғыда бекітудің маңыздылығын ескере отырып, отбасылық кәсіпкерлік субъектілері отбасылық байланыстарды нығайтумен қатар отбасының құндылықтары мен мәдени мұраларына негізделген арнайы ұжымдық мәдениетті құрып, мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық салаларын дамытуға айтарлықтай өз үлесін қосады деген қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: отбасылық кәсіпкерлік, отбасылық бизнес, отбасылық саясат, отбасы, кәсіпкерлік қызмет, экономика, азаматтық құқық, отбасылық кәсіпорын, отбасылық мәдениет, кәсіпкерлік қызмет субъектілері.

Kipicne

Отбасылық кәсіпкерлік азаматтардың іскерлік белсенділігін іске асыру саласы ретінде жүйелі ғылыми талдаудың объектісі, өйткені отандық құқықтық ғылымда «отбасылық кәсіпкерлік» санаты және оның заңнамалық бекітілген ұйымдық-құқықтық нысаны жоқ. Мақаланың мақсаты — қазіргі жағдайда отбасылық кәсіпкерлікті әлеуметтік және құқықтық институт ретінде зерттеу.

Отбасылық құқықтық ғылымның міндеттерінің бірі әлі күнге дейін тұжырымдамалық аппаратты қалыптастыру, отбасылық құқық институттарын зерттеу әдістемесін анықтау. В.П. Малаховтың пікірінше, әдістеме таным құралдарының (әдістерінің) реттелген жиынтығы емес, танымдық мәселені

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: abugalieva.f@bk.ru

қою құралы. Сондықтан әдіснаманы (немесе олардың кешенін) таңдау, ең алдымен, тұжырымдалған немесе берілген танымдық мәселенің сипаты мен ауқымына байланысты болып келеді [1].

Зерттеуші ғалым Э.Г. Юдин болса, «ғылым әдіснамасы ғылыми зерттеу кешендерін, оның объектісін, талдау пәнін, зерттеу міндеттерін, оларды шешуге қажетті зерттеу құралдарының жиынтығын сипаттайды, сонымен қатар зерттеу мәселелерін шешу үрдісінде ғалымның іс-әрекеттерінің реттілігі туралы түсінік қалыптастырады», – деп санайды [2; 31].

Жалпы әдіснаманы қарастыратын ғалымдар әдіснаманы «теориялық және тәжірибелік қызметті ұйымдастыру мен құрудың қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі және осы жүйе туралы ілім» деп түсініп, ұқсас ұстанымды ұстанады [3; 365].

Біз әдіснаманы «ғылыми таным және әлемді өзгерту әдісі туралы ілім» ретінде түсінуге жақынбыз [4]. Әдіснама белгілі бір мәселені шешу тәсілі ретінде де, шындықты тәжірибелік немесе теориялық игеру әдістерінің жиынтығы ретінде де сипатталатын «әдіс» ұғымымен өзара байланысты.

Бүгінгі таңда құқықтық тәртіп дамыған мемлекеттерде әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайындағы әлеуметтік мәселелерді шешуді отбасылық кәсіпкерлікпен байланыстырады, бұл тұрғыдан отбасылық кәсіпкерлікке қоғамның таптарға бөлінуін азайту және экономикалық тұрғыдан мықты орта таптың құрылуы бойынша әлеуметтік жауапкершілік артылады.

Отбасы — ең алғашқы әлеуметтік институттардың бірі, сондай-ақ шаруашылық басқарудың бір нысаны. Отбасылық кәсіпорындардың пайда болуы отбасы мен жеке меншіктің пайда болу кезеңіне сәйкес келеді, ал адамдардың кәсіпкерлік қасиеті оларды жеке «іске», яғни өзге отбасылар мен тұлғалардың қажеттіліктері үшін тауарларды өндіруге итермеледі. Сонымен қатар шаруашылық қызмет субъектілеріндегі маңызды лауазымдар мен рөлдерді, бұл қызмет түрінен алынатын табыстар мен дивиденттерді бөлу отбасы немесе отбасылық топтардың шеңберінде жүзеге асырылды.

Отбасылық кәсіпкерлік әр түрлі отбасылық-тұрмыстық және кәсіпкерлік мәселелерді шешудегі үлкен әлеуетке қарамастан, тиісті деңгейде өз қолданысын таба алмай келеді. Көпшілік жағдайда ол іс жүзінде оны қолданудың тиімділігіне әсер ететін нормативтік-құқықтық реттеуден тыс қалуда. Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілерде отбасылық кәсіпкерліктің заңнамалық анықтамасы жоқ. Алайда заң әдебиеттерінде отбасылық кәсіпкерліктің тұжырымдамасы мен құқықтық табиғатын анықтауда әр түрлі амал-тәсілдер қалыптасты. Отбасылық кәсіпкерлікті отбасылық және кәсіпкерлік құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады, ол өзара әрекеттесуде және екі құқықтық институттың: отбасы мен шағын кәсіпкерліктің қиылысында орналасқан. Осылайша отбасылық кәсіпкерлік институтын кешенді, салааралық құқықтық реттеу туралы тұжырымдама жасауға болады.

Сондай-ақ, отбасылық кәсіпкерлік субъектілер арасындағы отбасылық, кәсіпкерлік, ұйымдастырушылық және еңбек қатынастарының орын алуын қамтамасыз етеді. Алайда, отбасылық кәсіпкерліктің аясында отбасылық-құқықтық байланыстар болуы керек, олардың негізінде кәсіпкерлік қызмет ұйымдастырылады. Отбасылық кәсіпкерлік дәстүрлі түрде нарықтық экономикасы дамыған елдерде сандық жағынан басым болатын бизнестің ең кең таралған түрі болып саналады. Сонымен қатар отбасылық кәсіпорын бизнесті дамыту үшін бюджетті жұмсайды, қаражат отбасының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады, яғни ол денсаулық, білім, өмір сапасына қайта инвестициялау үшін қолданылады.

Әдістер мен материалдар

Бұл мәселені зерттеудің әдіснамалық негізі отбасы мүшелерінің қатысуымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың әртүрлі нысандарында туындайтын негізгі мәселелерді анықтауға, отбасылық кәсіпкерлік саласындағы азаматтық, отбасылық, ұжымдық және өзге де құқықтық қатынастарды талдауға байланысты мәселелерді зерттеуге мүмкіндік беретін диалектикалық-материалистік, жүйелік әдістер, талдау және синтездеу әдістері пайдаланылды. Жүйелік талдау әдісі отбасылық кәсіпкерлікті кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде түсіну туралы жаңа білім алу үшін қолданылды. Отбасылық құқықтың мәселелі саласы құқықтың әр түрлі салаларын ғана емес, сонымен бірге ғылымның әр түрлі салаларын зерттеудің негізі болып саналады. Отбасылық кәсіпкерлік отбасы институтымен тікелей байланысты. Осы құбылысты зерттеудің дұрыс таңдалған әдіснамасы нәтижесінде осы саладағы танымдық ғылыми және тәжірибелік қызметтің нәтижесін анықтайды.

Отбасылық кәсіпкерлік әртүрлі отбасылық-тұрмыстық және кәсіпкерлік мәселелерді шешуде үлкен әлеуетке ие. Қазіргі таңда отбасылық кәсіпкерлік іс жүзінде оны қолданудың тиімділігіне әсер

ететін нормативтік-құқықтық реттеуден тыс қалуда, сондықтан тәжірибеде оны дұрыс пайдаланбауда. Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілерінде отбасылық кәсіпкерліктің заңнамалық анықтамасы жоқ. Отбасылық кәсіпкерліктің ғылыми-теориялық негіздемесінің болмауы жүйесіздікпен, жекелеген мәселелерді талқылаумен, әртүрлі әдіснамаларды қолданумен сипатталады.

Талқылаулар

Отбасылық кәсіпкерлік құбылысын зерттеу пәнаралық болуы керек, өйткені бұл бизнес тарихи, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық сипаттағы көптеген функцияларды орындайды. Тарихи тұрғыдан отбасылық дәстүрлер отбасылық кәсіпкерлікті дамытуда үлкен маңызға ие болды. Отбасылық кәсіпкерліктің негізі сенім мен тәжірибе. Отбасында кәсіпкерліктің құнды тәжірибесін сақтау отбасылық әулетке нарықта қалуға және бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіндік берді.

Экономикалық категория ретінде отбасылық бизнесті бірінші кезекте пайда табуға бағытталған коммерциялық қызметтің бір түрі ретінде анықтауға болады. Отбасылық бизнес белгілі бір отбасына немесе бірнеше отбасына тиесілі болуымен сипатталады, олардың мүшелері әулеттік, неке және басқа да бейресми байланыстармен байланысты, аталған кәсіптің иелері мен бенефициарлары болып табылады. Отбасылық кәсіпкерлік — бұл әдетте өзін-өзі жұмыспен қамту және микробизнес немесе шағын бизнес алдында тұрған формат. Осыған байланысты отбасылық бизнесті қолдау — еңбек құқықтық қатынастары шеңберінде өз еңбегін қолдана алмайтын адамдарды және кәсіпкерлер саны бойынша шағын және орта кәсіпкерлік саласының басым бөлігін құрайтын шағын бизнес нысандарын бір мезгілде қолдауға тікелей жол. Отбасылық кәсіпкерліктің экономикалық кешені шет мемлекеттердің тәжірибесінен алынған мысалдармен суреттелген. Көптеген елдерде 1000 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан отбасылық кәсіпорындар бар. Әлемдегі ең көне компаниялар — бұл «отбасылық» компаниялар: жапондық Хоши отбасы (қонақ үй бизнесі), итальяндық Маринелли отбасы (шіркеу қоңырауларын құю) және француздық де Гулен отбасы (шарап жасау) [5].

Отбасылық кәсіпкерлік экономиканың инновациялық әлеуетін дамытуға, қызмет пен өндірістің жаңа түрлерін іздеуге және енгізуге, сондай-ақ сату мен қаржыландыруға ықпал етеді. Отбасылық компаниялар өз қызметін капиталға қолжетімділік шектеулі және экономикаға деген сенім деңгейі төмен дамушы нарықтарда ғана емес, сонымен бірге қалыптасқан нарықтарда да жүргізеді.

Осылайша, отбасылық кәсіпкерліктің осындай экономикалық функцияларын бөліп көрсетуге болады: бизнес қызметінің әртүрлі салаларында бәсекелестік ортаны қалыптастыру; монополияландыру деңгейін төмендету; отбасылардың өзін-өзі жұмыспен қамтуы арқылы еңбек нарығының жай-күйін жақсарту және жергілікті жерлерде жұмыссыздық деңгейін төмендету; өмір сүру деңгейін жақсарту; өзгерістерге жылдам әсер ету салдарынан нарықтық экономикаға бейімделу; неғұрлым теңестірілген жүйені құруға жәрдемдесу және қызмет көрсету, әсіресе шеткі аудандарда; жергілікті экономиканы жандандыру (ұсынысты кеңейтуден басқа, отбасылық кәсіпорындардың басым бөлігі жергілікті шикізатпен және сол сияқтылармен жұмыс істейді).

Отбасылық кәсіпкерлік құқықтық категория ретінде, әрине, ерекшеліктерге ие. Отбасылық бизнестің негізінде жеке сенім қатынастары жатыр. Құқық тұрғысынан сенімгерлік мәмілелер келісімшарттық міндеттемелерге қарағанда әлдеқайда сенімді және прогрессивті. Осындай қарым-қатынаста қол қою, уәде беру, серіктес туралы ақпарат жинау қажет емес. Тараптардың өзара іс-қимылы сенімге негізделеді, бұл ретте құрылтайшы мен сенімгерлік басқарушы арасындағы міндеттемелер тәрізді тәуекелге емес, туыстық қатынастарға негізделеді.

Құқықтық ғылымда отбасылық кәсіпкерліктің тұжырымдамасы мен құқықтық табиғатын анықтауда әртүрлі тәсілдер қалыптасты.

И.В. Барбашин, Т.А. Федотовская, С.Н. Титов көрсеткендей, «отбасылық кәсіпкерлік шағын кәсіпкерліктің бір түрі ретінде, оның жағдайында отбасы мүшелері мен туыстары өз кәсіпорындарында меншік иелері де, жұмысшылар да бола алады» [6].

Ал белгілі ғалым Н.И. Баранец былай деп көрсеткен: «отбасылық кәсіпкерлік — бұл отбасы мүшелерінің, сондай-ақ олар құрған (сатып алған) кәсіпорынның иелері мен қызметкерлері болып табылатын олардың туыстарының бастамашыл қызметі, оның мақсаты — тауарларды (қызметтерді) өндіруді және сатуды ұйымдастыру арқылы қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру, бұл түпкілікті тұтынушының өнімге (қызметке) сұранысының өзгеруін үнемі іздеумен бірге жүреді және шығармашылық тәсілдің, сауатты маркетингтік саясаттың және әртүрлі инновацияларды енгізудің арқасында сұранысты қайта құру арқылы жүзеге асады» [7].

Зерттеуші Э.С. Киренкина өз еңбегінде келесідей баяндайды: «отбасылық кәсіпкерлік — бұл бизнестің серпінді, белсенді элементі, бастамашыл, тәуелсіз қызмет, өзінің мүлкілік жауапкершілігімен және өз тәуекелімен азаматтар бірлестіктерімен жүзеге асырылады, онда кем дегенде екі қатысушы — бір отбасының мүшелері болады. Бұл қызмет пайда табу мақсатында өнім өндіруге (қызмет көрсетуге) бағытталған [8].

Сонымен қатар Д.А. Волков отбасылық кәсіпкерлікті отбасының «жалғыз билігін» білдіретін кәсіпорын дамуының мүмкін кезеңдерінің бірі ретінде сипаттайды [9].

Ресейлік ғалымдар З.К. Русакова мен И.В. Лаврентьева өз еңбектерінде былай деп анықтаған: «отбасылық кәсіпкерлік — бұл отбасындағы кәсіпкерлік қызметтің әр алуан түрлерінің бірі (тауарларды отбасы мүшелерінің күшімен өндіру және сату, делдалдық және коммерциялық қызмет, қызмет көрсету), олардың басты мақсаты — танымдық және тәрбиелік міндеттер кешенін шешумен бірге отбасылық кірісті арттыру [10].

Л.А. Гаджимуратованың пікірінше, отбасылық кәсіпкерлік — бұл кейінгі мұрагерлік сабақтастық мақсатында туыстары ұйымдастырған кәсіпкерлік қызмет түрі болып табылады [11].

Ал Т.Н. Савина, Т.В. Щанкин болса, отбасылық кәсіпкерлікті жұмысшылар мен кәсіпорын иелері арасында туыстық байланыстардың болуымен сипатталатын шағын кәсіпкерліктің бір түрі ретінде анықтайды [12].

Зерттеуші И.А. Плотникова көрсеткендей, отбасылық кәсіпкерлік — бұл белгілі бір жолмен туыстар (бір отбасы мүшелері) арасындағы әлеуметтік қатынастар үрдісінде жұмыс істейтін және белгілі бір қоғамның (аймақтың) қажеттіліктерін қанағаттандыратын маңызды әлеуметтік құндылықтар мен тәртіп стандарттарын біріктіретін еңбек және экономикалық қызмет жүйесімен ұйымдастырылған шағын бизнестің әлеуметтік-институционалды түрі [13].

К.С. Шипицынаның пікірінше, отбасылық кәсіпкерлік өзін-өзі жұмыспен қамту және шағын кәсіпкерліктің алдында тұрған форма ретінде қарастырылады [14].

Сондай-ақ, И.Ю. Лепетикованың ойынша, отбасылық кәсіпкерлік — бұл шағын бизнестің ерекше түрі, оның аясында отбасы мүшелері өз кәсіпорындарының иелері мен қызметкерлері ретінде әрекет етеді [15].

А.А. Жук және К.М. Потий өз еңбектерінде келесідей көрсетеді: «отбасылық кәсіпкерлік — бұл меншікке және (немесе) басқаруға қатысатын бір отбасы мүшелері жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік» [16].

Қарастырылып отырған тұжырымдаманы Өзбекстан Республикасының заңнамасында отбасылық кәсіпкерлікті «отбасы мүшелері өз тәуекеліне және өзінің мүлкілік жауапкершілігіне кіріс (пайда) алу мақсатында жүзеге асыратын бастамашыл қызмет» ретінде анықтау функционалды маңызды сипатқа ие [17].

Отбасылық кәсіпкерлікті отбасылық және кәсіпкерлік құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады, ол екі құқықтық институттың: отбасы мен шағын кәсіпкерліктің өзара әрекеттесуінде болады. Осылайша, отбасылық кәсіпкерлік институтын кешенді, салааралық реттеу туралы қорытынды жасауға болады.

Нәтижелер

Отбасылық кәсіпкерлікті айқындау кезінде отбасылық кәсіпкерлікті материалдық игіліктерді бірлесіп иеленуден, оның ішінде шаруашылық қоғамдастықтардағы үлестер мен акцияларды бірлесіп иелену, отбасы мүшелеріне жатпайтын өзге тұлғалардың қатысуымен кәсіпкерлік қызметті бірлесіп жүзеге асыру, сондай-ақ отбасы мүшелерінің немесе бөгде адамдардың жалдамалы еңбегін пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларынан нақты ажырата білу керек.

Заң ғылымындағы отбасылық кәсіпкерлік деп отбасы мүшелері пайда табу мақсатында емес, мүлкілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға және отбасының мүдделерін еңсеруді үйлестіруге бағытталған экономикалық және әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізу үшін жүзеге асыратын кез келген заңды ұйымдық-құқықтық нысандағы дербес, бастамашыл, жүйелі, өз тәуекеліне және өзінің мүлкілік жауапкершілігіне қатысты қызметті түсіну ұсынылады. Отбасылық кәсіпкерлік жеке және ұжымдық, тікелей және делдалдық болып бөлінеді [5].

Отбасылық кәсіпкерлік — бұл жеке отбасы мүшесінің бизнесін ұйымдастыру немесе барлық отбасы мүшелерінің жеке меншігі. Кәсіпкерлік иесінің өндірістік қызметке қажетті материалдық ресурстары мен күрделі жабдықтары болады, сондай-ақ меншік иесі кәсіпорынның қызметін жеке бақылайды.

Отбасылық кәсіпкерлік экономикалық қызмет түрі ретінде және құқықтық реттеу мен мемлекеттік биліктік ықпал ету объектісі ретінде кәсіпкерлік құқық саласының нысанасына енгізіледі, алайда оның негізінде отбасылық құқықтық қарым-қатынастар жатыр. Отбасы деп «туыстық, неке, бала асырап алу және отбасылық құқықтық қатынастардың негізінде жатқан өзге де заңды фактілерден туындайтын жеке мүліктік емес және мүліктік қатынастар саласындағы өзара құқықтар мен міндеттермен байланысты тұлғалар шеңберін» түсіну қажет [7].

Құқықтық доктринада отбасылық кәсіпкерліктің құқықтық сипатын кең мағынада анықтауға қатысты көзқарастар кездеседі. Бұндай тұжырым «басқарудың шығыстық үлгісіне («бизнес отбасы ретінде»), «өмір бойы» корпорацияларда жұмыс істеу, белгілі бір отбасы мүшелеріне жұмысқа орналасудағы артықшылықтар және т.б.) қатысты қолданылады.

Кәсіпкерлік құқық доктринасында көрсетілгендей, «егер отбасылық және шағын кәсіпкерліктің арасында нақты айырмашылықтар болмаса, онда жана құқықтық категорияларды, конструкцияларды құру, шағын кәсіпкерлік субъектісінен өзгеше отбасылық кәсіпкерлік субъектісінің экономикалық (кәсіпкерлік) қызметінің арнайы құқықтық режимін қалыптастыру қажеттілігі де жоқ» деген көзқарас назар аударуға лайық. Сонымен қатар, «отбасылық кәсіпкерліктің шағын кәсіпкерлікпен салыстырғанда жеке ерекшеліктері бар (капиталды ғана емес, еңбекті де, отбасылық еңбекті де біріктіру нысаны; отбасылық бизнес тек экономикалық қана емес, сонымен бірге отбасылық және әлеуметтік міндеттерді де шеше алады)» деген тұжырымның негізділігін мойындау қажет [10].

Әдебиеттерде кәсіпкерлік қызметті отбасылық кәсіпкерлікке жатқызудың негізгі көрсеткіштері айқындалған: отбасының бизнесті бақылауы (нақты, қатысу үлесі, тиесілі акциялардың пайызы арқылы); қызмет саласы (әдетте, ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру, азық-түлік тауарларын, киім-кешек, аяқ киім өндіру, сауда, мейрамхана бизнесі, құрылыс және реконструкция); ішкі шаруашылық және еңбек қатынастары ұзақ, тұрақты сипатқа ие (тек еңбек шартына (келісімге) ғана емес, сонымен қатар отбасылық, туыстық байланыстарға, топқа жататындарға да негізделген) [12].

Кәсіпкерлік қызметті отбасылық кәсіпкерлік ретінде саралауға және оны сабақтас құқықтық санаттардан ажыратуға мүмкіндік беретін отбасылық кәсіпкерліктің конституциялық, базалық белгілері ретінде: 1) отбасы мүшелері — отбасылық кәсіпорынға қатысушылар арасында қалыптасатын отбасылық құқықтық байланыстарды; 2) отбасылық кәсіпорынның қызметіне жеке еңбек қатысуын атап өткен жөн. Егер шаруа-фермер қожалығы үшін жеке еңбек қатысуы қажет болса, онда отбасылық-құқықтық байланыстар отбасылық кәсіпкерліктің жеке белгісі болуы керек, бұл оны шағын кәсіпкерліктен ерекшелендіреді [18].

Қорытынды

Қазақстан Республикасында отбасылық кәсіпкерлікті ағымдағы дамытудың басты өзекті мәселесі ретінде іс жүзінде бизнестің осы нысанын нормативтік-құқықтық реттеудің болмауын атауға болады. Бұл жағдай бірқатар қиындықтар туғызуы мүмкін. Отбасылық кәсіпорынды отбасылық кәсіпкерлік ретінде тіркеуге болмайды. Сондықтан басқа ұйымдық-құқықтық құрылымдарды қолданып, кәсіпкерлік саласындағы отбасылық қатынастардың мәніне қайшы келетін осындай бизнеске жалпы ережелерді қолдануға тура келеді. Осылайша, отбасы мүшелері жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелуге және серіктестер ретінде бизнес жүргізуге, «жұмыс беруші — қызметкер» құрылымын пайдалануға немесе бизнеске үлестік қатысу құқығында заңды тұлғалар үшін көзделген ұйымдық-құқықтық нысандардың бірінің бірлескен кәсіпорны шеңберінде қатынастар құруға мәжбүр.

Отбасылық бизнестің ашылуы мен өмір сүруінің құқықтық негізі болмағандықтан, кәсіпкерліктің бұл түрінің ресми статистикасы жоқ. Сондықтан өз бизнесін отбасы мүшелерінің еңбегіне, кәсіби дағдыларына, шығармашылық қабілеттеріне сүйене отырып құратын кәсіпкерлер санының нақты көрсеткіштерін келтіру мүмкін емес. Алайда, Қазақстан Республикасында отбасылық кәсіпкерлікке толық жатқызуға болатын заңды тұлғалар да кездеседі.

Экономикалық ортаның жоғары тұрақсыздығы мен белгісіздігі, басқарудың барлық деңгейлеріндегі бюрократия мен сыбайлас жемқорлық, жоғары тәуекелдер, несие беру көздерінің қолжетімсіздігі, отбасылық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың болмауы — осы факторлардың барлығы бизнестің табысты дамуына кедергі келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар кәсіпкерлердің ізбасарлары үшін ата-аналарынан мұра болып қалған бұл жұмысты жалғастыруға құлшыныстың болмауын, ал ата-аналардың бұл ауыр «ауыртпалықты» балаларға жүктеуге деген ұмтылысының болмауын тудырады.

Қазіргі уақытта өз ісін жолға қойған кәсіпкерлер, сондай-ақ отбасылық кәсіпкерлікпен айналысатындар саны барлық жерде қарқынды даму үстінде. Бұл отбасылық бизнестегі мәмілелер өте сенімді және ілгері екендігіне байланысты. Отбасы мүшелері іскерлік серіктестер болған кезінде кез келген жағдайдағы отбасылық қатынастарға деген сенім отбасылық бизнесте де көрініс табады. Дәл осы жерде барлық мәселелер мен іскерлік сұрақтарды шешуде дәл осындай конструктивтілік байқалады. Осындай қатынастардағы тараптар түпкі мақсатты — отбасының моральдық және материалдық әл-ауқатын айқын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Малахов В.П. Многообразие методологий современной теории государства и права / В.П. Малахов // История государства и права. — 2010. — С. 2–17.
- 2 Юдин Э.Г. Системный подход и принцип деятельности / Э.Г. Юдин; под ред. Э.Г. Юдина. — М.: Наука, 1978. — 444 с.
- 3 Философский энциклопедический словарь / под ред. Л.Ф. Ильичева и др. — М.: Сов. энцикл., 1983. — 840 с.
- 4 Философский словарь / под ред. М.М. Розенталя. — М.: Наука, 1985. — 675 с.
- 5 Ким В.М. Активизация процессов внутриотраслевой интеграции как фактор привлечения инвестиций в экономику России: дисс. ... канд. экон. наук: 08.00.05 — «Экономика и управление народным хозяйством (региональная экономика)» / В.М. Ким. — М., 2005. — 185 с.
- 6 Барбашин И.В. Социальные функции семейного предпринимательства в современной России: сущность и формы семейного предпринимательства. Корпоративная социальная ответственность в современной России: теория и практика / И.В. Барбашин, Т.А. Федотовская, С.Н. Титов // Аналит. вестн. Совета Федерации. — 2005. — № 26 (278). — 75 с.
- 7 Баранец Н.И. Семейное предпринимательство как социально-экономическая проблема / под ред. Н.И. Баранец // Ученые записки Российского государственного социального университета. — 2007. — С. 124–131.
- 8 Киренкина Э.С. К вопросу об определении понятия «семейное предприятие» / Э.С. Киренкина // Таврический национальный университет им. В.И. Вернадского. — Симферополь, 2010. — С. 7–10.
- 9 Волков Д.А. Стадии и жизненные циклы развития семейного бизнеса / Д.А. Волков // Российское предпринимательство. — 2011. — Т. 2. — С. 11–16.
- 10 Русакова З.К. Семейный бизнес и развитие репродуктивной экономики / З.К. Русакова, И.В. Лаврентьева // Российское предпринимательство. — 2011. — Т. 1. — С. 10–15.
- 11 Гаджимурадова Л.А. Проблемы и перспективы развития семейного бизнеса / Л.А. Гаджимурадова // Вопросы структуризации экономики. — 2013. — С. 350–351.
- 12 Савина Т.Н. Развитие семейного предпринимательства как способ борьбы с бедностью / Т.Н. Савина, Т.В. Щанкина // Консенсус. — 2014. — С. 1–6.
- 13 Плотникова И.А. Институциональное развитие семейных предприятий в сфере малого бизнеса (на примере Пензенской области): дисс. ... канд. соц. наук: 22.00.04 — «Социальная структура, социальные институты и процессы» / И.А. Плотникова. — Пенза, 2015. — 247 с.
- 14 Шипицына К.С. Перспективы и проблемы семейного предпринимательства: российская реальность / К.С. Шипицына // Фундаментальные исследования. — Роспечать. — 2015. — С. 633–635.
- 15 Лепетикова И.Ю. Семья как основа семейного предпринимательства: правовые аспекты: науч.-практ. конф. / И.Ю. Лепетикова. — Рязань: Концепция, 2015. — С. 165–169.
- 16 Жук А.А. Феномен семейного предпринимательства в современной экономической теории / А.А. Жук, К.М. Потий // Российское предпринимательство. — 2017. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.creativeconomy.ru/lib/38321>
- 17 Кувандиков Ш.О. Роль семейного предпринимательства в развитии регионов Узбекистана / Ш.О. Кувандиков // Экономика и предпринимательство. — 2020. — С. 443–445.
- 18 Левушкин А.Н. Семейное предпринимательство и семейный бизнес: понятие, правовая природа и перспективы развития / А.Н. Левушкин. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/semeynoe-predprinimatelstvo-i-semeynyy-biznes-ponyatie-pravovaya-priroda-i-perspektivy-razvitiya>

Ф. Аbugалиева, М. Жаскайрат

Семейное предпринимательство как фактор социального развития

Главной целью статьи является определение роли семейного предпринимательства в развитии государства, формируя его как социальный фактор в жизни общества. В ходе исследовательской

работы были выявлены преимущества и недостатки семейного бизнеса в социальной и экономической сфере с целью формирования понятия «семейное предпринимательство», а также использованы историко-правовые, сравнительно-правовые, аналитические и описательные методы исследования. Авторами рассмотрены актуальные проблемы семейного предпринимательства как социального явления и фактора социального развития. Подробно обсуждены стратегические и тактические преимущества семейного предпринимательства в процессе развития экономики страны, его правовая значимость. В ходе исследования темы были выявлены особенности семейного предпринимательства как социального института и значение семьи по укреплению позиций в экономике, семейных отношений, семейной преемственности, возникающей в результате имущественного взаимодействия членов семьи. По теме исследования изучены также причины, условия и этапы формирования новой правовой школы, что ведет к появлению правового института в рамках современного предпринимательства. В результате исследования сделан вывод о том, что, учитывая важность законодательного закрепления института «семейное предпринимательство», субъекты семейного предпринимательства, наряду с укреплением семейных связей, вносят существенный вклад в развитие социальной и экономической сфер государства, создавая особую коллективную культуру, основанную на ценностях и культурном наследии семьи.

Ключевые слова: семейное предпринимательство, семейный бизнес, семейная политика, семья, предпринимательская деятельность, экономика, гражданское право, семейное предприятие, семейная культура, субъекты предпринимательской деятельности.

F. Abugaliyeva, M. Zhaskairat

Family entrepreneurship as a factor of social development

The main purpose of the article is to determine the role that family entrepreneurship plays in the development of the state, forming it as a social factor in the life of society. In the course of the research work, in order to form the concept of “family entrepreneurship”, the advantages of family business in the social and economic sphere and the disadvantages found in practice were identified. The research used historical-legal, comparative-legal, analytical and descriptive research methods. The article discusses topical issues of family entrepreneurship as a social phenomenon and a factor in social development. This paper discusses in detail the strategic and tactical advantages of family entrepreneurship in the process of developing the country's economy, its legal significance. In the course of the study of the topic, the features of family entrepreneurship as a social institution and the importance of strengthening the position of the family in the economy, family relations, family continuity arising from mutual property interaction of family members were revealed. On the topic of the study, the reasons, conditions and stages of the formation of a new legal school are also considered, which leads to the emergence of a legal institution within the framework of modern entrepreneurship. As a result of the study, it was concluded that, given the importance of legislating the institution of “family entrepreneurship”, family business entities, along with strengthening family ties, make a significant contribution to the development of the social and economic spheres of the state, creating a special collective culture based on the values and cultural heritage of the family.

Keywords: family entrepreneurship, family business, family policy, family, entrepreneurial activity, economics, civil law, family enterprise, family culture, business entities.

References

- 1 Malakhov, V.P. (2010). *Mногообразие методологии современной теории государства и права* [The variety of methodologies of the modern theory of state and law]. *Istoriia gosudarstva i prava — History of the State and law*, 2–17 [in Russian].
- 2 Yudin, E.G. (1978). *Sistemnyi podkhod i printsip deiatelnosti* [A systematic approach and the principle of operation]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Ilicheva, L.F. et al. (Eds.) (1983). *Filosofskii entsiklopedicheskii slovar* [Philosophical encyclopedic Dictionary]. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 4 Rozental, M.M. (1985). *Filosofskii slovar* [Philosophical Dictionary]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Kim, V.M. (2005). *Aktivizatsiia protsessov vnutriotraslevoi integratsii kak faktor privlecheniia investitsii v ekonomiku Rossii* [Activation of the processes of intraindustrial integration as a factor in attracting investments into the Russian economy]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 6 Barbashin, I.V., Fedotovskaia, T.A., & Titov, S.N. (2005). *Sotsialnye funktsii semeinogo predprinimatelstva v sovremennoi Rossii: sushchnost i formy semeinogo predprinimatelstva. Korporativnaia sotsialnaia otvetstvennost v sovremennoi Rossii: teoriia i praktika* [Social functions of family entrepreneurship in modern Russia: the essence and forms of family entrepreneurship. Corporate Social Responsibility in Modern Russia: theory and Practice]. *Analiticheskii vestnik Soveta Federatsii — Analytical Bulletin of the Federation Council*, 26 (278), 75 [in Russian].

- 7 Baranets, N.I. (2007). Semeinoe predprinimatelstvo kak sotsialno-ekonomicheskaiia problema [Family entrepreneurship as a socio-economic problem]. *Uchenye zapiski Rossiiskogo gosudarstvennogo sotsialnogo universiteta — Scientific notes of the Russian State Social University*, 124–131. Moscow [in Russian].
- 8 Kirenkina, E.S. (2010). K voprosu ob opredelenii poniatiiia «semeinoe predpriatie» [On the question of defining the concept of “family enterprise”]. *Tavriskii natsionalnyi universitet imeni V.I. Vernadskogo — V.I. Vernadsky Tauride National University*. Simferopol, 7–10 [in Russian].
- 9 Volkov, D.A. (2011). Stadii i zhiznennye tsikly razvitiia semeinogo biznesa [Stages and life cycles of family business development]. *Rossiiskoe predprinimatelstvo — Russian entrepreneurship*, 2, 11–16 [in Russian].
- 10 Rusakova, Z.K., & Lavrenteva, I.V. (2011). Semeinyi biznes i razvitie reproduktivnoi ekonomiki [Family business and the development of the reproductive economy]. *Rossiiskoe predprinimatelstvo — Russian entrepreneurship*, 1, 10–15 [in Russian].
- 11 Gadzhimuradova, L.A. (2013). Problemy i perspektivy razvitiia semeinogo biznesa [Problems and prospects of family business development]. *Voprosy strukturizatsii ekonomiki — Issues of structuring the economy*. Moscow, 350–351 [in Russian].
- 12 Savina, T.N., & Shchankina, T.V. (2014). *Razvitie semeinogo predprinimatelstva kak sposob borby s bednostiu [The development of family entrepreneurship as a way to combat poverty]*. Konsensus, 1–6 [in Russian].
- 13 Plotnikova, I.A. (2015). *Institutsionalnoe razvitie semeinykh predpriatii v sfere malogo biznesa (na primere Penzenskoi oblasti) [Institutional development of family enterprises in the field of small business (on the example of the Penza region)]*. Candidate's thesis. Penza [in Russian].
- 14 Shipitsyna, K.S. (2015). *Perspektivy i problemy semeinogo predprinimatelstva: rossiiskaia realnost [Prospects and problems of family entrepreneurship: Russian reality]*. *Fundamentalnye issledovaniia — Fundamental research*. Rospechat, 633–635 [in Russian].
- 15 Lepetikova, I.Yu. (2015). *Semia kak osnova semeinogo predprinimatelstva: pravovye aspekty [Family as the basis of family entrepreneurship: legal aspects]*. *Nauchno-prakticheskaiia konferentsiia — Scientific and practical conference*. Riazan: Kontsepsiia, 165–169 [in Russian].
- 16 Zhuk, A.A., & Potii, K.M. (2017). *Fenomen semeinogo predprinimatelstva v sovremennoi ekonomicheskoi teorii [The phenomenon of family entrepreneurship in modern economic theory]*. *Rossiiskoe predprinimatelstvo — Russian entrepreneurship*. www.creativeconomy.ru. Retrieved from <https://www.creativeconomy.ru/lib/38321> [in Russian].
- 17 Kuvandikov, Sh.O. (2020). *Rol semeinogo predprinimatelstva v razvitiu regionov Uzbekistana [The role of family entrepreneurship in the development of the regions of Uzbekistan]*. *Ekonomika i predprinimatelstvo — Economics and entrepreneurship*. Tashkent, 443–445 [in Russian].
- 18 Levushkin, A.N. *Semeinoe predprinimatelstvo i semeinyi biznes: poniatie, pravovaia priroda i perspektivy razvitiia [Family entrepreneurship and family business: concept, legal nature and development prospects]*. <https://cyberleninka.ru/article/n/semeynoe-predprinimatelstvo-i-semeinyy-biznes-ponyatie-pravovaya-priroda-i-perspektivy-razvitiya> [in Russian].

Information about the authors

Abugaliyeva Fariza — Doctoral student PhD, Astana International University, Astana, Kazakhstan;

Zhaskairat Mira — Candidate of juridical sciences, Associate professor, Astana International University, Astana, Kazakhstan; e-mail: mira_m15@mail.ru.